

Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есеп дайындау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 688 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 желтоқсанда № 12672 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 4 ақпандағы № 104 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 04.02.2020 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.06.2018 № 628 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есепті дайындау қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.06.2018 № 628 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу заңнамасы департаменті (С.М. Ахметов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б.Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 688 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есепті дайындау қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.06.2018 № 628 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есепті дайындау қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 19-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген және мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есепті дайындау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.06.2018 № 628 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) есепті қаржы жылы – жоспарлы кезеңнің ағымдағы қаржы жылының алдындағы жыл;

2) мемлекеттік сатып алу – мемлекеттік сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі;

3) мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор – мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган айқындаған акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) жалғыз меншік иесі мемлекет болып табылатын заңды тұлға;

4) мемлекеттік сатып алу саласындағы – мемлекеттік сатып алу саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2. Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есептің мазмұны

3. Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есеп:

1) осы Қағидаға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес есепті қаржы жылына мемлекеттік сатып алу туралы есептен;

2) түсіндірме жазбадан тұрады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.06.2018 № 628 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Түсіндірме жазба есепті қаржы жылына мемлекеттік сатып алу веб-порталында қалыптастырылатын мәліметтер негізіндегі мемлекеттік сатып алу туралы ақпаратты қамтиды, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласындағы проблемалы мәселелер туралы ақпаратты қамтуы мүмкін. Мемлекеттік сатып алу саласындағы проблемалы мәселелер жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар ұсынған өтініштердің негізінде қалыптасады.

3. Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есеп дайындау тәртібі

5. Мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер есепті қаржы жылында тапсырыс берушілер және (немесе) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар орналастыратын және толтыратын мәліметтер негізінде мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде қалыптасады.

6. Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор осы Қағидаға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтерді мемлекеттік сатып алу веб-порталынан жүктеуді қамтамасыз етеді және есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органға жібереді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.06.2018 № 628 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей есепті қаржы жылына мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

8. Есепті қаржы жылына мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы жылдық есеп мемлекеттік сатып алу веб-порталында Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жібергеннен күннен бастап он жұмыс күннен кешіктірмей орналастырылады.

Мемлекеттік сатып алу туралы
жыл сайынғы есепті дайындау
қағидаларына 1-қосымша
нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.06.2018 № 628 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ жылға сатып алу тәсілдері бөлісінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер

№	Сатып алу тәсілі	Бекітілген мемлекеттік сатып алу жоспары бойынша						Жүргізілген алу қортын,
		Ағымдағы жылға Жоспар тармақтарының саны	Ағымдағы жылдың бекітілген жоспарлы сатып алу сомасы, теңге	3 жылға арналған жоспар тармақтарының саны	3 жылда бекітілген жоспарлы сатып алу сомасы, теңге	Бекітілген жоспарлы сатып алудың жалпы сомасы, теңге	Үлесі, %	Жоспар тармақтары саны (лотта
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	БАРЛЫҒЫ							
2	Конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу. Барлығы							
2.1	оның ішінде ашық конкурс							
2.2	біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс							
2.3	екі кезендік рәсімдерді пайдалана отырып жүргізілетін конкурс							
3	Аукцион тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу							
4	Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу							
5	Бір көзден алу тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу. Барлығы							
5.1	Оның ішінде өтпеді деп танылған конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша							
5.2	өтпеді деп танылған аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша							

5.3	өтпеді деп танылған баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша						
5.4	өтпеді деп танылған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс						
5.5	өтпеді деп танылған тұрғынжайды мемлекеттік сатып алу						
6	Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу. Барлығы						
6.1	Оның ішінде табиғи монополия салаларына жататын көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ энергиямен жабдықтау қызметтерін сатып алу немесе электр энергиясын кепілдендірген жеткізушімен электр энергиясын сатып алу-сату						
6.2	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалар, тарифтер бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында						
6.3	сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтар расталған жағдайда, осындай құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу						
	еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындауы салдарынан, оның						

6.4	ішінде төтенше жағдайлардың салдарларын оқшаулау және (немесе) жою үшін, электр энергетикасы объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі, теміржол, әуе, автомобиль, су көлігі объектілеріндегі, т а з а р т у құрылыстарындағы, м ұ н а й құбыржолдарындағы, г а з құбыржолдарындағы аварияларды жою үшін және жедел медициналық араласу қажеттілігі үшін, сондай-ақ коммуникациялардың, тетіктердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың тасымал жолында дереу қалпына келтіруді талап ететін сынуы, істен шығуы туындаған кезде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында						
6.5	саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылыққа, адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар туындаған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген қаражат есебінен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында						

6.6	нарыққа реттеушілік әсер ету үшін мемлекеттік материалдық резервке тауарлар сатып алу жағдайларында						
6.7	мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында						
6.8	мемлекеттік материалдық резервтің жаңарту тәртібімен шығарылатын материалдық құндылықтарын бірінші кезектегі тәртіппен сатып алу жағдайларында						
6.9	жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметін, сондай-ақ тергеу іс-қимылдарын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген органдардың						
	жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдарға құпия түрде жәрдем көрсетуге келісім берген адамдар көрсететін қызметтерді						
	қызметтік үй-жайларды, көлік және өзге де техникалық құралдарды, акпараттық жүйелерді, мүлікті, сондай-ақ оларды ұстау, қызмет көрсету және техникалық қолдау бойынша көрсетілетін қызметтерді						
	астыртын ұйымдар мен объектілерді құру және ұстау үшін тауарларды,						

	жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді							
	қажетті ғылыми-техникалық немесе өзге де арнаулы танымдары бар лауазымды адамдар мен мамандар көрсететін қызметтерді сатып алуы							
	терроризмнің, экстремизмнің алдын алу, жолын кесу және оларға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны жүзеге асыруға уәкілеттік берілген органдардың сатып алуы							
6.10	табиғат пайдалану құқығын сатып алу жағдайларында							
6.11	рейтингтік агенттіктер көрсететін қызметтерді, қаржылық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында							
6.12	зағип және көзі нашар көретін азаматтар үшін мамандандырылған кітапханалардың көрсетілетін қызметтерін сатып алу							
6.13	бағалы қағаздарды, заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы үлестерді сатып алу жағдайларында							
	монетарлық қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының							

6.14	зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында						
6.15	Қазақстан Республикасының сайлау және республикалық референдум туралы заңнамасында көзделген, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1161 қаулысымен бекіткен тізбе бойынша сатып алу жағдайларында						
6.16	мемлекеттік және ведомстволық наградаларды және олардың құжаттарын, Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының төс белгісін және оның құжатын, мемлекеттік сенім таңбаларын, Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттарын (оның ішінде қызметтік және дипломатиялық), жеке куәліктерін, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін, азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді дайындау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу,						

	сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1162 қаулысымен бекіткен тізбе бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1162 қаулысымен айқындаған өнім берушілерден арнайы дәрежеде қорғауды талап ететін баспа өнімдерін сатып алу жағдайларында							
6.17	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1165 қаулысымен бекіткен тізбе бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдар қаржыландыратын инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында							
6.18	жеке тұлғалар үшін мемлекеттік білім беру тапсырысына байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында (егер жеке тұлға білім беру ұйымын өзі таңдаған жағдайда)							
	қызметкерлерді шетелде даярлау, қайта							

6.19	даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында							
6.20	Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелде емдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ оларды тасымалдау және олармен бірге еріп жүру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында							
6.21	адвокаттардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ақы төлеуден босатылған адамдарға көрсететін қызметтерін сатып алу жағдайларында							
6.22	Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің, олардың атынан әрекет ететін тапсырыс берушілердің окшауланған бөлімшелерінің шет мемлекеттің аумағында өз қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ бітімгершілік операциялар мақсаттары үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы жағдайларында							
6.23	өкілдік ету шығыстарына байланысты тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында							
	қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі							

6.24	мерзімді баспасөз басылымдарын сатып алу жағдайларында							
6.25	халықаралық ақпараттық ұйымдардың ақпарат ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерін сатып алу жағдайында							
6.26	мемлекеттік органның тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді:							
	дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі, тиісті өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген акционерлік қоғамдардан және шаруашылық серіктестіктерден;							
	Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес оларға қатысты басқаруды жүзеге асыратын, тиісті өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген мемлекеттік кәсіпорындардан сатып алуы жағдайларында							
	арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдендірілген көлемінде көзделген							

6.27	арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер мен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді бағалау және қажеттілікті айқындау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында							
6.28	қылмыстық-атқару жүйесі (пенитенциарлық) мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары өндіретін, орындайтын, көрсететін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жағдайларында							
6.29	Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік органның тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес өзі басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан осындай мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің негізгі нысанасы бойынша сатып алуы жағдайларында							
	Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан							

6.30	Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган не оның ведомствосы оған қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы жағдайларында						
6.31	талқылаулар перспективаларын бағалау, төрелікте, шетелдік төреліктерде, шетелдік мемлекеттік және сот органдарында, сондай-ақ дауларды төрелікте (сотта) реттегенге дейінгі процесте мемлекеттің не тапсырыс берушілердің мүдделерін қорғау және білдіру жөніндегі консультациялық және заңдық көрсетілетін қызметтерді сатып алу						
6.32	Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды,						

	көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында							
6.33	Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тұлғадан мүлікті сенімгерлік басқару бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында							
6.34	статистикалық байқау деректерін өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында							
6.35	сауда-саттықта (аукциондарда) өткізілетін мүлікті (активтерді) сатып алу жағдайларында							
	Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес сот орындаушылары өткізетін;							
	Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес өткізілетін;							
	Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес өткізілетін;							
	мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезінде							
6.36	ғарышкерлерді даярлау және ғарышкерлердің ғарышка ұшуын жүзеге асыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында							

6.37	мамандандырылған авиажөндеу кәсіпорындарында авиациялық техниканы жөндеу бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында						
6.38	егер біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жүз еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында						
6.39	қызметкерді қызметтік іссапарға, оқушыларды, студенттерді, аспиранттарды шығармашылық сайыстарға (конкурстарға, олимпиадаларға, фестивальдарға, ойындарға), көрмелерге , конференцияларға, форумдарға, шеберлік сыныптарына, тағылымдамаларға қ а т ы с у , оқу-практикалық тапсырмаларды орындау үшін жіберуге байланысты көрсетілетін қызметтерді, көрсетілген іс-шаралар өтетін жерге бару және кері қайту жолын, тұрғын үй-жай жалдауды, көліктік қызмет көрсетуді, тамақпен қамтамасыз						

	етуді қоса алғанда сатып алу жағдайларында							
6.40	мемлекеттік мұражай, кітапхана, мұрағат қорларын, кино-, фотоқорын және өзге де осыған ұқсас қорларды толықтыруға арналған тарихи, көркемдік немесе өзге де мәдени маңызы бар мәдени құндылықтар болып табылатын тауарларды, оның ішінде мұражай заттары мен мұражай коллекцияларын, сондай-ақ көшірмелерін қоса алғанда, сирек кездесетін және құнды басылымдарды, қолжазбаларды, мұрағат құжаттарын сатып алу жағдайларында							
6.41	көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің материалдарын сатып алу, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларға қатысқаны үшін ақы төлеу жағдайларында							
6.42	театр-ойын-сауық ұйымының, филармонияның, мұражайдың және мәдени-демалыс ұйымының, кинематография ұйымының, мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымының, телерадио хабарларын тарату ұйымының сахналық көрсетілімдерді жүзеге асыру және өнер туындыларын көпшілік							

	алдында орындау үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы жағдайларында						
6.43	хайуанаттар паркіне, театрға, кинотеатрға, концертке, циркке, мұражайға, көрмеге және спорттық іс-шараға баруға тапсырысты орналастыру						
6.44	тиісті авторлардың күрделі құрылыс объектілерінің жобалау құжаттамасын әзірлеуді авторлық қадағалау, күрделі құрылыс объектілерінің құрылысын, оларды реконструкциялау мен күрделі жөндеуді авторлық қадағалау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуы жағдайларында						
6.45	Қазақстан Республикасы халқының мәдени мұра объектісін (тарих және мәдениет ескерткішін) сақтау жөніндегі жұмыстардың жүргізілуіне техникалық және авторлық қадағалау жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында						
	егер мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін						

6.46	кызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 677 бұйрығымен бекіткен тізбе бойынша жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылатын болса, конкурс не аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктегі осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса, жүзеге асырылады						
6.47	Қазақстан Республикасының ұлттық және құрама спорт командаларының қатысуы және (немесе) даярлығы үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық және құрама спорт командаларының олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық ойындарға және басқа да халықаралық спорттық іс-шараларға қатысуы үшін қажетті спорттық мүкәммалды және жабдықтарды (жарақтарды), спорт керек-жарақтарын сатып алу жағдайларында						
	ұлттық қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары үшін, сондай-ақ құқықтық						

6.48	тәртіпті қамтамасыз ету үшін байланыс қызметтерін сатып алу жағдайларында						
6.49	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес актімен айқындалған тұрғын емес мақсаттағы үйді, құрылысты, ғимаратты, үй-жайды сатып алу, сондай-ақ тұрғын емес мақсаттағы үйді, құрылысты, ғимаратты, үй-жайды жалдау, тұрғын емес мақсаттағы жалданатын үйді, құрылысты, ғимаратты, үй-жайды техникалық күтіп-ұстау, күзету және оған қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу, егер тапсырыс берушіге өтеусіз пайдалануға және (немесе) жедел басқаруға берілген, тұрғын емес үй-жайлар орналасқан үйдегі тұрғын емес үй-жайларды пайдаланатын басқа тұлғаға немесе тұлғаларға осындай қызметтер көрсетілетін болса, тапсырыс берушіге өтеусіз пайдалануға және (немесе) жедел басқаруға берілген тұрғын емес бір немесе бірнеше үй-жайды техникалық күтіп-ұстау, күзету және оған қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында						
	техникалық көмекші (орын толтырушы) құралдар (протездік-ортопедиялық құралдардан басқа) мен						

6.50	арнаулы жүріп-тұру құралдарын, мүгедектерге берілетін жеке көмекші мен ымдау тілі маманы көрсететін әлеуметтік қызметтерді, мүгедектерге арналған такси көрсететін қызметтерді, мүгедектерге берілетін санаторий-курорттық жолдамаларды сатып алу бөлігінде мүгедектер саны жұмыскерлердің тізімдік санының кемінде елу пайызын құрайтын мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құратын ұйымдардан тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу							
7	Тауар биржалары арқылы тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу							
8	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша мемлекеттік сатып алу							
9	Тұрғын жайды мемлекеттік сатып алу							

кестенің жалғасы

[illegible]

Мемлекеттік сатып алу туралы
жыл сайынғы есепті дайындау
қағидаларына 2-қосымша
нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.06.2018 № 628 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауарлар, жұмыстар және қызметтер бөлісіндегі мемлекеттік сатып алу көлемі

№	Атауы	Алдыңғы есеп кезең			Ағымдағы есепті кезең		
		Жоспар тармақтарының саны	Бекітілген жоспарлы сатып алу сомасы, теңге	Үлесі, %	Жоспар тармақтарының саны	Бекітілген жоспарлы сатып алу сомасы, теңге	Үлесі, %
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Барлығы, оның ішінде:						
1.1	Тауар						
1.2	Жұмыс						
1.3	Қызмет						
		Жоспар тармақтарының саны	Жүргізілген сатып алу сомасы, теңге	Үлесі, %	Жоспар тармақтарының саны	Жүргізілген сатып алу сомасы, теңге	Үлесі, %

[illegible]

Мемлекеттік сатып алу туралы
жыл сайынғы есепті дайындау
қағидаларына 6-қосымша
нысан

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.06.2018 № 628 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

___ жыл ішіндегі сатып алу әдісінің бөлігінде мемлекеттік сатып алуды жариялаудың ай сайынғы серпіні

[illegible]

кестенің жалғасы

Мамыр			Маусым			Шілде			Тамыз			Қыркүйек		
Саны	Сатып алу сомасы, теңге	Үлесі, %	Саны	Сатып алу сомасы, теңге	Үлесі, %	Саны	Сатып алу сомасы, теңге	Үлесі, %	Саны	Сатып алу сомасы, теңге	Үлесі, %	Саны	Сатып алу сомасы, теңге	Үлесі, %
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29

кестенің жалғасы

Қазан			Қараша			Желтоқсан			Барлығы		
Саны	Сатып алу сомасы, теңге	Үлесі, %	Саны	Сатып алу сомасы, теңге	Үлесі, %	Саны	Сатып алу сомасы, теңге	Үлесі, %	Саны	Сатып алу сомасы, теңге	Үлесі, %
30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40	41

Мемлекеттік сатып алу туралы
жыл сайынғы есепті дайындау
қағидаларына 7-қосымша
нысан

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.06.2018 № 628 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің мемлекеттік сатып алу веб-порталымен интеграцияланған дерекқорына енгізілген отандық тауар өндірушілерден тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу көлемдері туралы ақпарат _____ ЖЫЛҒА

							Оның ішінде

құқық қорғау органдарының қаулылары бойынша									
Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары бойынша									
Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының тапсырмалары бойынша									
өзгелер									

Мемлекеттік сатып алу туралы
жыл сайынғы есепті дайындау
қағидаларына 8-қосымша

Ескерту. 9-қосымшаның оң жоғары бөлігі жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.06.2018 № 628 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

___ жылы өткізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижесі бойынша қолданылған шаралар туралы ақпарат

Негіздеме	Енгізілген ұйғарымдар	оның ішінде қарастырылғандары мен орындалғандары	Мемлекеттік с а т ы п алулардың қортындылары туралы шешімдерді заңсыз деп және/немесе шарттарды дұрыс емес деп табу туралы сотқа берілген талап-арыз	оның ішінде қанағаттандырылғандары	қанағаттандырудан бас тартылғандары	Є ө б м с а ж к д т с б т
1	2	3	4	5	6	7
Барлығы						
Тізім бойынша						
Жоспардан тыс аудит						

жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша						
құқық қорғау органдарының қаулылары бойынша						
Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары бойынша						
Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының тапсырмалары бойынша						
өзгелер						

кестенің жалғасы

Мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзғаны үшін лауазымды тұлғалардың тәртіптік жазаға тартылуы	оның ішінде қызметтен босатылғандары	Мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзғаны үшін лауазымды тұлғалардың әкімшілік жазаға тартылуы	оның ішінде сотпен бас тартылған қаулылар саны	Салынған әкімшілік айыппұлдардың жалпы сомасы	оның ішінде бюджетке қайтарылғандары	әкімшілік айыппұл бойынша қайтарылмаған соманың қалдығы	Құқық қорғау орғанда жіберіл материа
11	12	13	14	15	16	17	18

Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есепті дайындау қағидаларына 9-қосымша нысан

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.06.2018 № 628 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**___ жылы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары
тізілімінде тұрған өнім берушілер туралы ақпарат**

№	Өнім берушілерді тізілімге енгізу негіздері	Конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу.	Аукцион тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу	Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу	Өтпеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу	Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу.	Ашық тауар биржалары арқылы өткізілген мемлекеттік сатып алу	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша мемлекеттік сатып алу	Тұрыс мем. саты
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары бойынша дәйексіз ақпарат ұсынды								
2	Өнім беруші өзімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған								
3	Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаса отырып шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері								

	туралы талаптарды уактылы орындамаған								
4	Әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған								
5	Ө з г е негіздер								
6	Барлығы								
7	Үлесі, %								